

**Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі N 1055 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 736 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.11.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 520-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 38, 504-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 698 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 27, 289-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 тамыздағы N 685 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 27, 319-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 10 шілдедегі

**Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкалары**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Ставкалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.03.2015 N 121 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Төлеушілер	Төлемақының ставкалары, %	жылдық
Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының операторлары	1,3992	
Ұялы байланыс операторлары	1,3992	